

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы N 361 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Заңымен

Ескерту. Заңның күші жойылды - ҚР 2009.09.18. N 193-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 186-баптан қараңыз) Заңымен.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Мәтіндегі "мемлекеттік шекарадағы", "мемлекеттік шекарада" деген сөздер тиісінше "Мемлекеттік шекарадағы", "Мемлекеттік шекарада" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

Осы Заң Қазақстан Республикасы халқының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайын белгілейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) санитарлық-эпидемиологиялық тексеру актісі - объектінің халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігін тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адам беретін құжат;

2) адамның тіршілік етуіне қолайлы жағдайлар - тіршілік ету ортасы факторларының адамға зиянды ықпалы жоқ кездегі жай-күйі;

3) зиянды өндірістік фактор - әсері белгілі бір жағдайда жұмыс істеушінің еңбекке қабілеттілігінің кәсіби тұрғыда, уақытша немесе тұрақты түрде төмендеуін тудыруы, соматикалық және жұқпалы аурулардың жиілігін арттыруы, денсаулығының бұзылуына әкелуі мүмкін ортаның және еңбек процесінің факторы;

4) адамға зиянды әсер - тіршілік ету ортасының адамның өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін әсері;

5) гигиеналық норматив - тіршілік ету ортасының белгілі бір факторын адам үшін қауіпсіздігі және (немесе) зиянсыздығы тұрғысынан сипаттайтын көрсеткіштің зерттеулер арқылы белгіленген шекті мөлшердегі ең көп немесе ең аз сандық және (немесе) сапалық мәні;

б) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау - халықтың денсаулығын сақтау мен тіршілік ету ортасын қорғау мақсатында санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарын бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу жөніндегі қызметі;

6-1) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті шегінде атқарушылық, бақылау және қадағалау функцияларын, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында басшылықты жүзеге асыратын аумақтық бөлімшелері бар, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік орган;

7) дезинфекция, дезинсекция және дератизация - өндірістік, тұрғын үй ғимараттарында, көлікте, қоғамдық орындардың үй-жайларында және аумақтарда жүйелі түрде жүргізілетін, жұқпалы және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын, тұрмыстағы жәндіктер мен кеміргіштерді жоюға бағытталған шаралар кешені;

8) дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық қызмет көрсету - дезинфекция, дезинсекция және дератизация құралдары мен препараттарын дайындауға, өндіруге, өндеуге және көтерме саудада сатуға байланысты қызмет, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар мен қызмет көрсету түрлері;

9) халықтың декреттелген тобы - қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін, айналасындағы адамдарға жұқпалы және паразиттік аурулар жұқтыру қаупін көбірек төндіретін адамдар;

10) жұқпалы және паразиттік аурулар - тіршілік ету ортасы биологиялық факторларының адамға әсер етуі себепті туындайтын және таралатын адам аурулары;

11) жеке медициналық кітапша - міндетті медициналық қараулардың нәтижелері енгізілетін, халықтың декреттелген тобының өкіліне берілетін жеке құжат;

12) санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау объектілері - жеке және заңды тұлғалар, қызметі, қолданылуы мен пайдалануға берілуі адам денсаулығының жай-күйіне және қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін ғимараттар, құрылыстар, өнімдер және өзге де объектілер;

13) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин - жұқпалы аурулардың таралуын болдырмауға бағытталған және шаруашылық пен өзге де қызметтің ерекше режимін көздейтін шаралар;

14) улану - тіршілік ету ортасының химиялық, биологиялық және өзге де факторларының қатты немесе созылмалы әсер етуі кезінде туындайтын адам аурулары;

14-1) тәуекелді бағалау - жұқпалы және паразиттік ауруларды қоздырғыштар мен жұқтырғыштардың ену және таралу ықтималдығына, сондай-ақ қолданылуы мүмкін санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) шараларды және осыларға байланысты ықтимал медициналық-биологиялық және экономикалық салдарды есепке ала отырып, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет жүргізетін, химиялық, микробиологиялық, радиологиялық ластануға байланысты халықтың денсаулығына қауіп төндіретін тауарларды өндіру мен әкелуге ғылыми негізделген баға беру;

15) мерзімді медициналық қарау - денсаулықтың жай-күйін ширақ қадағалауды қамтамасыз ету, аурудың бастапқы белгілерін дер кезінде анықтау, жалпы, кәсіби, жұқпалы және паразиттік аурулардың алдын алу және оларды таратпау мақсатында, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген мерзімде жүргізілетін халықтың денсаулығын қарау;

16) қауіптілігі ықтимал химиялық және биологиялық заттар - белгілі бір жағдайларда және белгілі бір шоғырлануы адамның немесе адамдардың келешек ұрпақтарына зиянды әсерін тигізуі мүмкін, қолданылуы мен пайдаланылуы санитарлық ережелермен және гигиеналық нормативтермен регламенттелетін заттар;

17) алдын ала медициналық қарау - жұмысқа алынатын және оқуға түсетін адамдар денсаулығының жай-күйін анықтау, жазатайым оқиғалардың, жалпы, кәсіби, жұқпалы және паразиттік аурулардың алдын алу және оларды таратпау мақсатында қарау;

18) халықтың денсаулығына қауіп төндіретін өнім - халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган белгілеген, оларды қолдану немесе пайдалану кезінде адамның денсаулығына зиянды әсер етуі мүмкін өнімнің түрлері;

19) азық-түлік шикізаты - тамақ өнімдерін дайындау үшін пайдаланылатын, өсімдіктен, жануардан алынатын, микробиологиялық, минералды және жасанды түрдегі шикізат;

20) санитарлық паспорт - мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын объектінің, көлік құралының халықтың

санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін растайтын және оларды пайдалануға немесе қолдануға құқық беретін құжат;

21) санитарлық-эпидемиологиялық нормалау - санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің санитарлық-гигиеналық және індетке қарсы ережелер мен нормативтерді әзірлеу, жүйелеу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қызметі;

22) санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар (бұдан әрі - санитарлық ережелер) - сақталмауы адам өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін, сондай-ақ аурулардың пайда болу және таралу қаупін туғызатын, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды (соның ішінде тіршілік ету ортасы факторларының адам үшін қауіпсіздік және (немесе) зиянсыздық белгілерін) белгілейтін нормативтік құқықтық актілер;

23) санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар - тіршілік ету ортасы факторларының адамға зиянды әсерін жоюға немесе азайтуға, жұқпалы, паразиттік аурулардың пайда болуына және таралуына, жаппай улануды болдырмауға және оларды жоюға бағытталған шаралар;

24) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы - тіршілік ету ортасының адамға зиянды әсер ету факторлары жоқ және оның тіршілік етуіне қолайлы жағдайлар қамтамасыз етілетін кездегі халық денсаулығының жай-күйі;

25) санитарлық-эпидемиологиялық жағдай - белгілі бір уақытта белгілі бір аумақтағы халықтың денсаулығы мен тіршілік ету ортасының жай-күйі;

26) санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды - жобалық құжаттаманың, тіршілік ету ортасы факторларының, шаруашылық және өзге де қызметтің, өнімдердің, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкестігін (сәйкес еместігін) куәландыратын құжат;

27) санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг - халық денсаулығы мен тіршілік ету ортасының жай-күйін қадағалаудың, оларды талдаудың, бағалау мен болжаудың, сондай-ақ халық денсаулығының жай-күйі мен тіршілік ету ортасы факторларының әсері арасындағы себеп-салдарлық байланысты айқындаудың мемлекеттік жүйесі;

28) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама - органолептикалық, санитарлық-гигиеналық, эпидемиологиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, санитарлық-химиялық, токсикологиялық, радиологиялық және басқа да зерттеулер мен физикалық факторлар өлшемдері кешені, сондай-ақ өнімдер жобаларының, жұмыстардың, қызмет көрсетулер мен шаруашылық және өзге қызмет объектілерінің санитарлық ережелерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігін анықтау мақсатында жобаларды сараптау;

29) санитарлық-карантиндік бақылау - ел аумағына жұқпалы және паразиттік ауруларды, сондай-ақ адам денсаулығына қауіптілігі ықтимал заттар мен өнімді кіргізуге жол бермеу мақсатында өткізілетін, адамдар мен жүктердің Мемлекеттік шекара арқылы өтуін бақылау;

30) әлеуметтік-гигиеналық мониторинг - халық денсаулығының жай-күйі мен қоршаған орта объектілерін бақылаудың, олардың арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтаудың, оларды бағалау мен болжаудың мемлекеттік жүйесі;

31) адамның тіршілік ету ортасы (бұдан әрі - тіршілік ету ортасы) - табиғи, антропогендік және әлеуметтік факторлардың, адамның тіршілік ету жағдайын белгілейтін ортаның (табиғи және жасанды) жиынтығы;

32) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган - азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы, дәрілік заттар айналымы, медициналық қызмет сапасын бақылау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

33) тіршілік ету ортасының факторлары - тіршілік ету ортасының адамға және (немесе) келешек ұрпақ денсаулығының жай-күйіне әсер ететін немесе әсер ете алатын биологиялық, химиялық, физикалық, әлеуметтік және өзге де факторлары;

34) індет - жұқпалы аурулардың әдетте тіркелетін науқастану деңгейінен айтарлықтай жоғары жаппай таралуы;

35) эпидемиологиялық маңызды объектілер - шығаратын өнімі және (немесе) қызметі халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптары бұзылған жағдайда халық арасында тамақтан уланулардың және жұқпалы аурулар таралуының пайда болуына әкеп соғуы мүмкін объектілер.

Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңдары

1. Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің міндеттері мен принциптері

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің міндеттері мен принциптері:

1) азаматтардың денсаулығын сақтауға, тіршілік етудің қолайлы жағдайларына және санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылыққа құқықтары мен міндеттерін іске асыру;

2) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің профилактикалық сипаты, тіршілік ету ортасы факторларының халық денсаулығына зиянды әсер етуінің алдын алу;

3) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы жариялылық;

4) санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды орындау және лауазымды, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңдарын міндетті түрде сақтауы;

5) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ететін іс-шаралардың ғылыми-практикалық негізділігі;

6) Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік;

7) жеке және (немесе) заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңдарын бұзуы салдарынан адамның немесе бір топ адамдардың денсаулығына келтірген залалын өтеу міндеттілігі болып табылады.

2-тарау. ХАЛЫҚТЫҢ САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САЛАУАТТЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

4-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет жүйесі

Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметі мемлекеттік органдар, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары кіретін біртұтас жүйе болып табылады.

1. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарына:

1) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган, оның Мемлекеттік шекарадағы, көліктегі және тиісті аумақтардағы аумақтық бөлімшелері;

2) *(алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен);*

3) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелері жатады.

2. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметке кіретін ұйымдар:

1) республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станция;

2) Мемлекеттік шекарада, аумақтарда, көлікте сондай-ақ мемлекеттің лауазымды тұлғаларының қатысуымен ресми іс-шаралар өткізу кезінде санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын, мемлекеттік ұйым, санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік ұйымдар;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын республикалық ғылыми-зерттеу ұйымдары;

4) обаға қарсы мемлекеттік мекемелер болып табылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07 N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

5-бап. Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметін

қаржыландыру

1. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметті қаржыландыру:

1) бюджет қаражаты.

2) жеке және заңды тұлғалармен жасасқан шарттар бойынша санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарының жұмыстар мен қызметтер орындағаны үшін түсетін қаражаттар;

3) жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарналары мен қайырмамалдықтары;

4) Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған басқа да көздердің есебінен жүзеге асырылады.

2. - 4. *А л ы н ы п т а с т а л д ы*

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

6-бап. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы Қазақстан Республикасы

Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды;

2) орталық атқарушы органдардың халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында жұқпалы және паразиттік аурулардың әкелінуіне және таралуына санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асырудың және Қазақстан Республикасының шекарасы мен аумағын санитарлық қорғауды қамтамасыз етудің тәртібін белгілейді;

4) Қазақстан Республикасының аумағында індет пайда болған кезде халықтың өмір сүруінің және шаруашылық қызметін жүргізудің ерекше жағдайлары мен режимдерін белгілейді;

5) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы бағдарламаларды әзірлейді;

6) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

7) *(алып тасталды)*

8) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган басшысының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері лауазымына тағайындайды және лауазымынан босатады;

9) халықтың пайдалануы мен қолдануына, сондай-ақ шаруашылық қызметтеріне арналған өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге тыйым салу, сондай-ақ өндіру, қолдану және тарату тәртібін айқындайды ;

10) оларға қарсы алдын ала егу жүргізілетін аурулардың тізбесін , оларды жүргізу тәртібін , мерзімдерін және жоспарлы егілуге жатқызылатын халықтың топтарын айқындайды;

11) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру тәртібін белгілейді ;

12) пайда болу және таралу қаупі туындаған кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін жұқпалы аурулардың тізбесін белгілейді.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07 N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

7-бап. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган :

1) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу (тоқтату) туралы ұсыныс енгізеді;

3) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі шараларды айқындайды;

4) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады және профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялайтын) препараттарды сақтау, тасымалдау және пайдалану тәртібін айқындайды ;

6) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдарының қызметін регламенттейтін санитарлық ережелерді және нормативтік құқықтық актілерді бекітеді ; V085245 , V085264 , V085374 , V085380 , V085497 , V095606

7) жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен улануларды тіркеу, есепке алу тәртібін, сондай-ақ олар бойынша есептілік жүргізу тәртібін белгілейді ;

8) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы есепке алу, есептілік тәртібін және құжаттамалар нысанын белгілейді;

9) халықтың декреттелген топтарын жұмысқа тұру және жұмысқа жіберу кезінде міндетті алдын ала медициналық тексеру тәртібін және оларды өткізу кезеңділігін белгілейді;

10) алдын ала және мерзімді медициналық тексеріп-қарау міндетті болатын зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін белгілейді; V053851

11) медициналық құжаттарды беру, есепке алу және жүргізу тәртібін айқындайды;

12) санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторинг жүргізу тәртібін бекітеді ;

13) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу тәртібін бекітеді ;

14) санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары зертханаларының санитарлық ережелерге сәйкестігіне және тиісті құжат бере отырып, тәуекелді бағалауды жүзеге асыру құқығына аттестаттаудан өткізу тәртібін белгілейді;

15) санитарлық паспорт беру, оны есепке алу және жүргізу тәртібін айқындайды ;

16) актілер, хаттамалар, қаулылар, нұсқамалар нысандарын, оларды жасау және беру тәртібін бекітеді ;

17) адамдардың жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулармен науқастану және улану жағдайларын санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мамандары тексеруінің тәртібін белгілейді;

18) балалар тағамы өнімін, тамаққа тағамдық және биологиялық жұғымды қоспаларды (нутрицевтиктерді), генетикалық түрлендірілген көздерді, бояғыштарды, сумен және тамақ өнімдерімен араласатын материалдар мен бұйымдарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін химиялық заттарды, өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы шешімді кері қайтарып алу тәртібін белгілейді .

V 0 8 5 1 6 2

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

7-1-бап. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның құзыреті

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган :

1) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

2) жұқпалы, паразиттік аурулардың әкелінуі мен таралуынан Қазақстан Республикасының аумағын санитарлық қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

3) халыққа жұқпалы ауруларға қарсы профилактикалық егудің ұйымдастырылуы мен жүргізілуіне бақылау жүргізеді;

4) тамақтан улану, жұқпалы, паразиттік және басқа да аурулар, оның ішінде этиологиясы белгісіз аурулар кезінде өз құзыреті шегінде санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар кешенін ұйымдастырады және жүзеге асырады; V074877 , V075023 , V085163 , V085270

5) өз құзыреті шегінде жобалардың мемлекеттік сараптамасына қатысады;

6) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында Қазақстан Республикасының аумағында барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылатын шешімдер қабылдайды;

7) мемлекеттік органдар мен санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

8) осы Заңның талаптарын бұзған жағдайда мемлекеттік органдар мен санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарының басшыларына өз қаулысымен тәртіптік жаза қолданады;

9) мемлекеттік органдардың қарауына халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы жөнінде ұсыныстар енгізеді;

10) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығының мемлекеттік, салалық (секторлық) және өңірлік бағдарламаларын іске асыру

жөнінде салааралық үйлестіруді, сондай-ақ қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

11) гигиеналық нормативтерді және мемлекеттік органдар мен санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарының қызметін регламенттейтін құқықтық актілерді бекітеді;

12) санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерін тексерудің дүркіндігін белгілейді;

13) санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылар береді;

14) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер мен бағдарламаларды Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңнамасына сәйкес келтіру туралы талап қояды;

15) өз құзыреті шегінде лицензиялауға жататын қызмет түрлеріне лицензия беруге байланысты қызметті жүзеге асырады және лицензиаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етеді;

16) Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған, ықтимал қауіп төндіретін химиялық, биологиялық заттардың және Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген заттар мен өнімдердің мемлекеттік тізілімін жасайды және жүргізеді;

17) өнімге, тауарларға, процестерге, қызмет көрсетулерге және жобалау нормаларына мемлекеттік стандарттар жобаларын келіседі;

18) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында ғылыми-зерттеу және ғылыми-практикалық тақырыптар әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу ұйымдарының және өзге де ұйымдардың қызметін үйлестіреді, олардың орындалуына қатысады, ғылыми жетістіктерді практикалық қызметке енгізеді;

19) салауатты өмір салтын насихаттауға қатысады және халықты аурулар, тіршілік ету ортасының жай-күйі және өткізілетін санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар туралы уақтылы хабардар ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

20) балалар тағамы өнімін, тамаққа тағамдық және биологиялық жұғымды қоспаларды (нутрицевтиктерді), генетикалық түрлендірілген көздерді, бояғыштарды, сумен және тамақ өнімдерімен араласатын материалдар мен бұйымдарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін химиялық заттарды, өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы шешімдерді кері қайтарып алу жөнінде сараптамалық комиссиялар құрады;

21) балалар тағамы өнімін, тамаққа тағамдық және биологиялық жұғымды қоспаларды (нутрицевтиктерді), генетикалық түрлендірілген көздерді, бояғыштарды, сумен және тамақ өнімдерімен араласатын материалдар мен бұйымдарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін химиялық заттарды, өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы шешімдерді кері қайтарып алу тәртібін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген заттар мен өнімдердің Мемлекеттік тізілімін мерзімді баспа басылымдарында жариялайды;

22) *(алып тасталды - 2007.07.27. N 315)*

23) гигиеналық оқытуды және салауатты өмір салтын насихаттауды ұйымдастырады;

24) санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторингі ұйымдастырады және жүргізеді;

25) жұқпалы, паразиттік, кәсіби және басқа да аурулар мен улануларды тіркеуді жүзеге асырады;

26) тәуекелдерді бағалаудың халықаралық практикада жалпыға бірдей қабылданған әдістерін ескере отырып, тәуекелдерді бағалауға құқығы бар барлық ұйымдар үшін бірыңғай әдіснаманы айқындайды және тәуекелдерге бағалау жүргізу тәртібін белгілейді;

27) егер осы іс-шаралар Қазақстан Республикасы аумағында халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығының тиісті деңгейін қамтамасыз ететін болса, басқа елдердің санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шараларын баламалы ретінде таниды;

28) аурулардан таза немесе аурулардың таралу деңгейі төмен аумақтарды немесе олардың бөліктерін айқындайды;

29) жобаларға санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді;

Ескерту. Ескерту. 7-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.27. N 315 Заңдарымен.

7-2-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы, көліктегі және тиісті аумақтардағы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы, көліктегі және тиісті аумақтардағы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері:

1) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

2) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама ұйымдастырады;

3) Қазақстан Республикасының аумағын жұқпалы, паразиттік аурулардың әкелінуінен және таралуынан санитарлық қорғау жөнінде іс-шаралар ұйымдастырады;

4) жұқпалы, паразиттік аурулар, сондай-ақ адам денсаулығына қауіптілігі ықтимал заттар мен өнімдер әкелінген және таралған жағдайда, автомобиль, теңіз, темір жол және әуе жолдарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асырады және санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар жүргізеді;

5) өз құзыреті шегінде улану, жұқпалы, паразиттік және басқа да аурулар, оның ішінде этиологиясы белгісіз аурулар кезінде санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар кешенін ұйымдастырады және жүзеге асырады;

6) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелері жөніндегі бағдарламаларды іске асырады;

7) тиісті деректер қорын қалыптастыра отырып, санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторингті жүзеге асырады, есепке алуды және статистиканы жүргізеді;

8) адамдарды, тамақ өнімдерін, азық-түлік шикізатын, шаруашылық-ауыз суын, химиялық, уытты және радиациялық заттарды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдарының санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ оларды пайдалануға келісім береді;

9) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында өзге де мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

10) халықты аурулар, тіршілік ету ортасының жай-күйі және жүргізіліп жатқан санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар туралы уақтылы хабардар ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

11) халықтың декреттелген тобын санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге оқытуды ұйымдастырады және салауатты өмір салтын насихаттауға қатысады;

12) өз құзыреті шегінде жобалау алдындағы және жобалық құжаттаманы қарайды және келіседі;

13) дезинфекциялауды, дезинсекциялау мен дератизациялауды ұйымдастырады және объектілер мен ошақтарда дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау іс-шараларының жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады;

14) жобаларға санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді;

15) тәуекелді бағалауды жүзеге асыруды ұйымдастырады.

16) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөнінде шешімдер қабылдайды және тиісті аумақта олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

17) тиісті аумақта жұқпалы аурулардың профилактикасы жөнінде іс-шаралар ұйымдастыру мен өткізуді бақылауды жүзеге асырады;

18) өнімге, тауарларға, процестерге және көрсетілетін қызметтерге өңірлік стандарттарды қарайды және келіседі, сондай-ақ өз құзыреті шегінде тиісті аумақта міндетті лицензиялануға жататын қызмет түрлеріне қорытындылар береді;

19) тиісті аумақта санитарлық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесі құжаттарының, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, есепке алудың және есептілік нысандарының жобаларын әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

20) тиісті аумақта санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары зертханаларының санитарлық ережелерге сәйкестігін аттестаттауды жүргізеді;

21) тиісті аумақта халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады;

22) тиісті аумақта профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялайтын) препараттардың сақталуын, тасымалдануын және пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 7-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2006.07.07 N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

8-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы құзыреті

Ескерту. 8-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

9-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарының құзыреті

1. Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станция :

1) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдарына халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері жөнінде ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетеді;

2) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдарына Қазақстан Республикасының аумағына жұқпалы, паразиттік

аурулар әкелінген және таратылған және улану болған жағдайда, індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар ұйымдастыруда практикалық көмек көрсетеді;

3) республикалық деректер қорын құра отырып, санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторингті жүзеге асырады, есепке алуды және статистиканы жүргізеді;

4) санитарлық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарын әзірлейді;

5) жұқпалы және паразиттік аурулардың диагностикасына қатысады;

6) санитарлық-химиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және уыттылық зертханалық зерттеулерді, шуыл мен вибрация, электромагниттік өрістерді және адамның тіршілік ету ортасының өзге де факторларын өлшеуді орындайды;

7) санитарлық ережелерге сәйкестігіне санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары зертханаларын аттестаттауды және сынақ орталықтары мен зертханаларын аккредиттеуді жүргізуге қатысады;

8) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында жаңа аспаптар мен жабдықтарды, зертханалық зерттеулер және өлшеу әдістемелерін сынақтан өткізеді және енгізеді;

9) азаматтар мен заңды тұлғалардың арызы бойынша шарт негізінде сертификаттық зерттеулер жүргізуге қатысады;

10) зертханалық зерттеулер мен тіршілік ету ортасы факторларын өлшеу бөлігінде санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді;

11) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілу жағдайын зерделейді;

12) жоба алдындағы және жобалық құжаттаманы, өнімдерге, тауарларға, процестерге және қызмет көрсетулерге стандарттарды қарайды;

13) тәуекелді бағалауды жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында, аумақтарда, көлікте санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік ұйым және мемлекеттің лауазымды тұлғаларының қатысуымен ресми іс-шаралар өткізу кезінде санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманы жүзеге асыратын мемлекеттік ұйым өз құзыреті шегінде:

1) зертханалық зерттеулер мен тіршілік ету ортасы факторларын өлшеу бөлігінде санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді;

2) санитарлық-химиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және уыттылық зертханалық зерттеулерді, шуыл мен вибрация, электромагниттік өрістер мен адамның тіршілік ету ортасының өзге де факторларын өлшеуді орындайды;

3) дезинфекциялық іс-шаралар жүргізеді;

4) санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторинг жүргізуге қатысады;

5) жұқпалы және паразиттік аурулардың диагностикасына қатысады;

6) шарт негізінде азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініші бойынша сертификаттық зерттеулер және сараптама жүргізуге қатысады;

7) жаңа аспаптар мен жабдықтарды, зертханалық зерттеулерді және өлшеу әдістемелерін сынақтан өткізеді және енгізеді;

8) профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялаушы) препараттарды сақтауды жүзеге асырады;

9) тәуекелді бағалауды жүзеге асырады.

3. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын республикалық ғылыми-зерттеу ұйымдары:

1) республиканың түрлі өңірлеріндегі жұқпалы және паразиттік аурулардың эпидемиялық процестерінің ерекшеліктерін зерттеуді, бағалауды және болжауды жүргізеді, олардың алдын алу бойынша ғылыми негіздеген бағдарламалар әзірлейді;

2) жұқпалы, паразиттік аурулар және улану кезінде санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүзеге асырады;

3) иммунобиологиялық препараттар шығарады, жаңа вакциналар, қоректік орта және диагностикалар шығаруды игереді;

4) санитарлық-эпидемиологиялық нормалау жүйесінің құжаттарын әзірлейді және олардың ғылыми негіздемесін жүргізеді;

5) халықтың және оның жекелеген топтарының денсаулық жағдайын тіршілік ету ортасының қолайсыз факторларымен байланыста зерттейді, тиісті ұсынымдар әзірлейді;

6) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдарына Қазақстан Республикасының аумағында санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар кешенін жүргізуде практикалық көмек көрсетеді;

7) санитарлық-эпидемиологиялық және әлеуметтік-гигиеналық мониторинг жүргізуге қатысады;

8) санитарлық-химиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және уыттылық зертханалық зерттеулерді, шуыл мен вибрация, электромагниттік өрістерді және адамның тіршілік ету ортасының өзге де факторларын өлшеуді орындайды;

9) тәуекелді бағалауды жүзеге асырады.

4. Обаға қарсы мемлекеттік мекемелер:

1) оба бойынша эпидемиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөнінде профилактикалық іс-шаралар кешенін ұйымдастырады және жүргізеді;

2) медицина ұйымдарының індетке қарсы тұрақты дайындығын қамтамасыз етеді;

3) оба, тырысқақ және басқа да аса қауіпті жұқпалы аурулардың ошағын оқшаулау және жою жөніндегі індетке қарсы іс-шаралар ұйымдастыруға және жүргізуге қатысады;

4) меншік нысанына қарамастан 1-2 топтағы аса қауіпті жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын анықтайтын зерттеулерді жүзеге асыратын зертханаларда індетке қарсы режимді қамтамасыз етеді;

5) санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізуге қатысады;

6) тәуекелді бағалауды жүзеге асырады.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

10-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар

1. Осы Заңға сәйкес мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің лауазымды адамдары:

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері және оның орынбасарлары;

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы мен мамандары;

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің басшылары - Мемлекеттік шекарадағы, көліктегі және тиісті аумақтардағы бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлер, олардың орынбасарлары мен мамандар;

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелерінің басшылары мен мамандары уәкілетті болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерін халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган басшысының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

3. *(алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен).*

4. Мемлекеттік шекарадағы, көліктегі және тиісті аумақтардағы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерді Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

5. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының басшылары қызметіне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, санитарлық-эпидемиологиялық саладағы жоғары медициналық білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары тағайындалады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07 N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.07.27 N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

**10-1-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің
лауазымды адамдарының мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық бақылау
объектілеріне тексеру жүргізуі**

1. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдары мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау объектісінде тексерудің мынадай түрлерін жүргізеді:

1) жоспарлы - мемлекеттік орган жоспарлаған, алдыңғы тексерулерге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген уақыт аралығы ескеріліп жүргізілетін тексеру;

2) жоспардан тыс - жеке адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға төнген қауіпті дереу жоюды талап ететін қалыптасқан әлеуметтік экономикалық жағдайға, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы жолданымдарда және өзге де ақпараттарда жазылған фактілер бойынша, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылу белгілерінің тікелей анықталуына байланысты, сондай-ақ жоспарлы тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуына бақылау жасау мақсатында тағайындалатын тексеру;

3) рейдтік - Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша бірнеше кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін бір мезгілде қамтитын тексеру.

2. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау объектісін тексеру жүргізу мерзімі, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, актіні табыс еткен кезден бастап отыз күнтізбелік күннен аспауға тиіс.

3. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау объектісін тексеруге:

1) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органының Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңнамасы нормаларының сақталуын тексеру жөніндегі жұмыс жоспары;

2) Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңнамасы талаптарын бұзушылықтарды жою және санитарлық-індетке қарсы іс-шараларды жүргізу туралы нұсқамалардың орындалуына бақылау жасау;

3) объектінің халықтың денсаулығына және санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығына қауіп төндіруі және жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен уланулардың пайда болуына әкеп соқтыруы мүмкін қызметіне байланысты авариялық жағдайлар;

4) халық арасында жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен уланулардың туындауы және таралуы;

5) топтық және жаппай жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен уланулардың, оның ішінде этиологиясы белгісіз аурулардың туындауы мен таралуы;

6) объектіні пайдалануға, қолайсыз санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға және сапасы төмен өнімді анықтауға байланысты өтініштер негіздеме болуы мүмкін.

4. Осы Заңның 10-бабы 1-тармағының екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдары мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау объектілерін тексеруді осы баптың 3-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздемелер бойынша жүргізеді.

5. Осы Заңның 10-бабы 1-тармағының төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарында көрсетілген санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдары мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау объектілерін тексеруді осы баптың 3-тармағында көзделген негіздемелер бойынша жүргізеді.

Ескерту. 10-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

11-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құқықтары

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар:

1) Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңнамасы нормаларының орындалуын тексеру мақсатында кәсіпкерлік субъектілерін - тоқсанына бір рет, объектінің эпидемиологиялық маңыздылығына қарай - айына бір рет, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық

бақылау объектілерін халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган белгілеген бару жиілігіне сәйкес кедергісіз (қызмет куәлігін көрсетіп) тексеруге;

2) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуды жою туралы жеке және заңды тұлғаларға ұйғарымдар беруге;

3) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарынан, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардан халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелері бойынша ақпарат сұратуға және алуға;

4) халықтың пайдалануы мен қолдануына арналған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ шаруашылық қызметте Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен әкелуге, сондай-ақ өндіруге, қолдануға және сатуға тыйым салуға;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімдерде:

елді мекендер құрылысын, өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы объектілерді орналастыруды, салуды және қайта жаңғыртуды жоспарлауға;

жер қойнауын пайдалануға, санитарлық-қорғау аймақтарының, суды пайдалану мен сарқынды суларды бөліп тастау жағдайларына, уытты, радиоактивтік және басқа да зиянды заттарды кәдеге асыру мен көмуге жасалған келісім-шарттар;

шикізаттың, технологиялық жабдықтың, тамақ өнімдері өндірісі процестерінің, азық-түлік шикізатының, өнеркәсіп бұйымдарының, құрылыс материалдарының, иондандырушы сәулелену көздерінің, химиялық заттар мен өнімдердің, биологиялық, дәрі-дәрмектік, дезинфекциялаушы, дезинсекциялаушы және дератизациялаушы құралдардың және азық-түлік шикізаты, тамақ өнімдері мен ауыз су құйылып, салынатын орауыш және полимерлік материалдардың, парфюмерлік-косметикалық және басқа да кең тұтынылатын тауарлардың, медициналық иммунобиологиялық препараттардың, жабдықтардың, аспаптар мен жұмыс құралдарының жаңа түрлеріне арналған стандарттар мен техникалық шарттардың жобалары бойынша санитарлық-эпидемиологиялық қорытындыны қарауға және беруге;

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын жұқпалы және паразиттік аурулар әкелу мен таратудан, адамның денсаулығына қауіптілігі ықтимал өнімді, химиялық, уытты, радиациялық және биологиялық заттарды әкелуден санитарлық қорғау жөніндегі бақылау функцияларын жүзеге асыруға;

7) балаларға арналған тауарларға, тамақ қоспаларына олардың халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Қазақстан

Республикасының заңдарына сәйкес келетіндігін қарауға және қорытындылар беруге;

8) білім беру ұйымдарындағы оқу-еңбек жүктемелері мен оқу режимдерін қарауға және ол жөнінде қорытындылар беруге;

9) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Қазақстан Республикасы заңдарын бұзу фактілерін қарау үшін жеке адамдарды, лауазымды адамдарды, заңды тұлғаларды санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарына шақыруға;

10) халықтың декреттелген топтарына жататын, жұқпалы, паразиттік аурулардың көздері болып табылатын, сондай-ақ медициналық қараудан уақтылы өтпеген адамдарды жұмыстан уақытша шеттету туралы ұйғарымдар шығаруға;

11) шектеу шараларын, оның ішінде жекелеген объектілерде карантин белгілеуге;

12) жұқпалы және паразиттік аурулардың ықтимал таратушы көздері болып табылатын, сондай-ақ жұқпалы аурулармен ауыратын науқастармен араласып жүрген адамдарды зертханалық тексеру нәтижелері алынғанға дейін оларды жұмыстан шеттете отырып, медициналық тексеруге жіберуге;

13) жұқпалы және паразиттік аурулардың көздері болып табылатын адамдарды міндетті түрде ауруханаға жатқызуға жіберуге;

14) халыққа міндетті түрде вакцина егуді, үй-жайларда және көлік құралдарында, аумақтарда, жұқпалы және паразиттік аурулар ошақтарында профилактикалық және ошақтық дезинфекция, дезинсекция мен дератизация жүргізуді талап етуге;

15) санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтердің бұзылуы жойылғанға дейін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жекелеген жұмыс түрлерін, жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан немесе қайта жаңартылып жатқан объектілерді пайдалануды тоқтата тұруға;

16) адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпті деп танылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шикізаттың, өнімнің, технологиялық жабдықтардың, процестердің, құрал-саймандардың жаңа түрлерін өндіруге, қолдануға және сатуға тыйым салуға;

17) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға;

18) халықтың декреттелген тобына санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерді білуіне аттестаттау жүргізуге;

19) санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жасау үшін өнімнің құнын өтемей, сараптама жасауға жеткілікті және оған қажетті көлемнен аспайтын мөлшерде өнімнің үлгілерін көруге және іріктеу жүргізуге құқылы.

Халықтың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін індет, жұқпалы аурулар мен тағамнан улану, сондай-ақ төтенше жағдайлар пайда болған жағдайларда алдын ала хабарландырылмай және тексеру тағайындау туралы акті құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында статистикалық қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органда тіркелмей, кейіннен тексеру жүргізу басталғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінің ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында статистикалық қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органға тексеру тағайындау туралы актіні табыс ете отырып, объектілерге кезектен тыс тексеру жүргізіледі.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

12-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың міндеттері

Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдары:

1) мемлекеттік органдарды санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың асқынуы, санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтердің бұзылуы туралы хабардар етуге;

2) кәсіби уланулар мен науқастанулардың, жұқпалы және паразиттік аурулардың пайда болу себептері мен жағдайларын анықтауға және оларға талдау жасауға;

3) жеке және заңды тұлғаларды санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтердің бұзылу салдары туралы ескертуге;

4) халықтың иммунитетін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

5) жеке және заңды тұлғалардың халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелері жөніндегі өтініштерін қарауға және тиісті шаралар қабылдауға;

6) өзінің қызметтік міндеттерін орындаған кезде белгілі болған ақпаратқа қатысты дәрігерлік құпияны сақтауға міндетті.

13-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың актілері

1. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Қазақстан Республикасы заңдары талаптарының анықталған бұзылуына қарай

мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау нәтижелері бойынша құқықтық ықпал ету шараларын қабылдау мақсатында лауазымды адамдар мынадай актілер:

- 1) санитарлық-эпидемиологиялық тексеру актісін;
- 2) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Қазақстан Республикасы заңдары талаптарының бұзылуы туралы хаттаманы;
- 3) профилактикалық және індетке қарсы іс-шараларды жүргізу туралы бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлердің қаулысын;
- 4) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптары бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жаза қолдану туралы, әкімшілік жауапқа тарту, адамдарды жұмыстан уақытша шеттету, шаруашылық қызметті тоқтата тұру, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпті деп танылған жағдайда халықтың, сондай-ақ шаруашылық қызметінде пайдалану мен қолдануға арналған өнімдерді әкелуге, өндіруге, қолдануға және сатуға тыйым салу, шикізаттың жаңа түрлерін, өнімдерді, технологиялық жабдықты, процестерді, аспаптарды өндіруге, қолдануға және сатуға тыйым салу туралы қаулысын;
- 5) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы және санитарлық-індетке қарсы іс-шаралар жүргізу туралы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын бұзуды жою туралы ұйғарым шығарады.

2. Актілердің, хаттамалардың, қаулылардың, ұйғарымдардың нысандарын, оларды жасау және беру тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

3. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың актілері жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

4. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың қаулылары мен ұйғарымдарының орындалмауына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ж а у а п т ы б о л а д ы .

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

14-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдарының іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне)

шағымдану

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) жеке немесе заңды тұлғалар

жоғары тұрған мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарына не сотқа шағымдануы мүмкін.

15-бап. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық нормалау

1. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық нормалау:

нормативтік құқықтық актілердің негіздемесі бойынша бірыңғай талаптарды әзірлеуді және олардың әзірленуін бақылауды;

нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуді (қайта әзірлеуді), сараптауды, бекіту мен жариялауды;

нормативтік құқықтық актілерді зерделеуді, қолдану практикасын қорытындылауды, қолданылуын бақылауды;

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің бірыңғай деректер банкін түзу мен жүргізуді;

санитарлық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарын жалпыға бірдей қабылданған халықаралық талаптарымен үйлесімді етуді қамтиды.

2. Санитарлық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттары санитарлық ережелер, гигиеналық нормативтер, нұсқаулықтар, әдістемелік ұсынымдар, әдістемелік нұсқамалар, әдістемелер, бұйрықтар, регламенттер, ережелер мен стандарттар болып табылады. P080096 , P080217 , P080336 , P080337 , P080410 , P080411 , P080496 , P080514 , P080515 , P080541 , P080551

3. Санитарлық ережелер, гигиеналық нормативтер Қазақстан Республикасының аумағында жүрген барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

4. Мемлекеттік органдар халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелеріне қатысты өздерінің нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу мен бекіту кезінде оларды халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісуге міндетті.

5. Нормативтік-техникалық сипаттағы санитарлық ережелер, гигиеналық нормативтер мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

16-бап. Адамның денсаулығына зиянды әсер ететін өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік

тіркеу

1. Адамның денсаулығына зиянды әсер ететін өнімдер мен заттардың мынадай жекелеген түрлері:

1) халық үшін ықтимал қауіп төндіретін, өндіріске алғаш рет енгізілген және бұрын пайдаланылмаған заттар және олардың негізінде дайындалған материалдар мен препараттар (бұдан әрі - заттар);

2) Қазақстан Республикасының аумағына алғаш рет әкелінген, сумен және тамақ өнімдерімен араласатын тағамдық қоспалар, бояғыштар, бұйымдар мен материалдар мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген заттар мен жекелеген өнім түрлерін мемлекеттік тіркеу:

1) заттар мен жекелеген өнім түрлерінің халық пен тіршілік ету ортасы үшін қауіптілігін сараптамалық бағалау;

2) заттар құрамының, өнімдердің жекелеген компонентінің санитарлық ережелерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігін белгілеу;

3) заттар мен жекелеген өнім түрлерін халық пен қоршаған ортаға зиянды әсерін болдырмау жөніндегі арнаулы шараларды, соның ішінде оларды кәдеге асыру мен жою жағдайларын әзірлеу негізінде жүргізіледі.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған заттар мен жекелеген өнім түрлерін мемлекеттік тіркеу денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасында тіркелген және қолдануға рұқсат етілген заттар мен өнімдердің тізілімі мерзімді баспасөз басылымдарында жариялануға т и і с .

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

17-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

Санитарлық ережелер, гигиеналық нормативтер:

1) өндірістік, қоғамдық, тұрғын үй және басқа да үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, көлік құралдарын күтіп-ұстау мен пайдалануға және жолаушылар мен жүктерді тасымалдау шарттарына; V074877 , V074762 , V074761 , V074760 , V074635 , V064527 , V064104 , V085219 , V085269 , V085374 , V085380 , V095606

2) құрылыс салуға жер учаскесін таңдауға;

3) объектілерді жобалауға, салуға және пайдалануға беруге; V053792 , V085219 , V085269

4) өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерге;

5) жеке және тұрмыстық мұқтаждарға арналған тауарларға және оларды өндіру технологияларына;

6) тамақ өнімдеріне, оларды өндіруге, тасымалдауға, сақтауға және сатуға; V053687 , P080285

- 7) Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін өнімге;
- 8) халықтың қоғамдық тамақтануын ұйымдастыруға;
- 9) химиялық заттарды, биологиялық және дәрі-дәрмек заттары мен материалдарын қолдануға;
- 10) шаруашылық-ауыз суымен жабдықтауға және мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындарына;
- 11) қалалық және селолық елді мекендердегі, өнеркәсіп ұйымдары аумақтарындағы атмосфералық ауаға, өндірістік, тұрғын үйдің және басқа да үй-жайлардың ауасына; V053789
- 12) топыраққа, қалалық және селолық елді мекендердің, өнеркәсіп алаңдарының аумақтарын күтіп-ұстауға; V064368
- 13) өндіріс пен тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, зарарсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге; V085264
- 14) еңбек, тұрмыстық қызмет көрсету, медициналық қамтамасыз ету арнайы және емдеу-профилактикалық тамақтану жағдайларына; V064385 , V064106 , V085219
- 15) биологиялық заттармен, биологиялық және микробиологиялық организмдермен және олардың токсиндерімен жұмыс істеу жағдайларына; V053770
- 16) адамға әсер етудің физикалық факторларының көздерімен жұмыс істеу жағдайларына; V074622 , V053781
- 17) балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, оқыту және өндірістік практика жағдайларына; V053632
- 18) халықты гигиеналық тәрбиелеуге және оқытуға;
- 19) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ;
- 20) жұмыстар мен қызметтерді ұйымдастыруға, шикізаттың жаңа түрлеріне, технологиялық жабдықтар мен процестерге, құрал-саймандарға, азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдеріне, құрылыс материалдарына, ион сәулелерінің көздеріне, ыдысқа, химиялық, биологиялық және дәрі-дәрмек заттарына, орайтын және полимерлік материалдарға, парфюмерлік-косметикалық, полиграфиялық өнім мен кеңінен тұтынылатын басқа да тауарларға әзірленетін нормативтік-техникалық құжаттамаға (стандарттарға, техникалық шарттарға, рецептілерге) қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

3-тарау. ХАЛЫҚТЫҢ САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САЛАУАТТЫЛЫҒЫ
САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ, ЖЕКЕ КӘСПКЕРЛЕРДІҢ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**18-бап. Жеке тұлғалардың халықтың
санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы
саласындағы құқықтары мен міндеттері**

1. Жеке тұлғалардың халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы:

1) адамның және оның келешек ұрпағының денсаулық жағдайына теріс әсер етпейтін факторлары бар қолайлы тіршілік ету ортасына;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен санитарлық-эпидемиологиялық ахуал туралы сенімді ақпаратты, соның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманың қорытындысын уақтылы алуға;

3) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы жөніндегі іс-шараларға қатысу және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Қазақстан Республикасы заңдарының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін қоғамдық бірлестіктер құруға;

4) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелері жөніндегі хаттармен, шағымдармен, өтініштермен мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жүгінуге және олардың шешілуін талап етуге;

5) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу салдарынан басқа жеке адамдардың, жеке кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың кінәсінен олардың денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянның орнын толтыруға;

6) денсаулығының нашарлау себептерін анықтау үшін қажетті санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманың қорытындысын талап етуге және алуға құқықтары бар.

2. Жеке тұлғалардың халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы міндеттері:

1) өзінің денсаулығын және айналасындағы адамдардың денсаулығын күту, өз балаларына гигиеналық тәрбие беру және оларды салауатты өмір сүруге үйрету жөнінде қамқорлық жасау;

2) басқа азаматтардың денсаулығын сақтау мен қолайлы тіршілік ету ортасына құқықтарын бұзуға әкеп соғатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмау;

3) санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерді, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Қазақстан Республикасы заңдарын сақтау.

**19-бап. Жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың халықтың
санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы
саласындағы құқықтары мен міндеттері**

1. Қазақстан Республикасы аумағында қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес аумақтың, объектінің санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйі туралы уақтылы сенімді ақпарат алуға;
- 2) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысуға;
- 3) санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тексерулер жүргізу жөнінде мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің органдары мен ұйымдарына жүгінуге құқылы.

2. Жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар өздері жүзеге асыратын қызметке сәйкес:

- 1) санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар жүргізуге;
- 2) санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтердің, сондай-ақ мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың актілері мен санитарлық-эпидемиологиялық қорытындыларының талаптарын орындауға;
- 3) орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және өнімдердің өндірілуі, тасымалдануы, сақталуы және халыққа сатылуы кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- 4) өз құзыреті шегінде өндірістік бақылау жасауды, оның ішінде зертханалық зерттеулер мен сынақтарды жүргізуге, жұмысты орындау мен қызмет көрсету кезінде, сондай-ақ өнімді өндіру, тасымалдау, сақтау және сату кезінде санитарлық ережелердің сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыруға;
- 5) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығына қауіп төндіретін авариялық жағдайлар, өндірістің тоқтауы, технологиялық процестердің бұзылуы туралы жаппай және топтық жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен уланулар пайда болған жағдайда халықты, жергілікті атқарушы органдарды, Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің мемлекеттік органдарын уақтылы хабардар етуге;
- 6) қызметкерлерді кәсіби және гигиеналық оқытуды қамтамасыз етуге және кәсіби даярлығы бар мамандардың жұмыс істеуіне рұқсат беруге;
- 7) зертханада зерттеулер жүргізу үшін санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды тұлғаларына өнімдердің, шикізаттың, тауарлардың, өндірістік ортаның сынамаларын іріктеп алуға мүмкіндік беруге;
- 8) халықтың декреттелген тобының қатарындағы адамдарды, жұқпалы аурулармен ауыратын науқастарды және түрлі ауру көздерін таратушыларды, сондай-ақ алдын ала және мерзімді медициналық қараудан өтпегендерді жұмысқа жібермеуге және жұмыстан шеттетуге;
- 9) тауарлардың, өнімдердің, шикізаттардың санитарлық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкес еместігі анықталған жағдайда оларды сатуға

рұқсат бермеуге, сондай-ақ оларды пайдалануға немесе кәдеге асыру мүмкіндігі туралы шешім қабылдауға;

10) санитарлық паспорты болуға;

11) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарына халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелеріне қатысты есепке алу және есептілік құжаттамасын тексеруге беруге;

12) шаруашылық және өзге де қызметті, егер ол халықтың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін болса, тоқтата тұруға міндетті.

20-бап. Өндірістік бақылау

1. Өндірістік бақылауды өндірісте және өзге де өндірістік-шаруашылық қызмет саласында жұмыс істейтін адамдар жүргізеді және ол өнімді өндіру, сақтау, тасымалдау мен сату жұмыстарды орындау мен қызмет көрсету процесінде санитарлық ережелердің сақталуы мен санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралардың орындалуына зертханада зерттеулер мен сынақтар жүргізуді қамтиды.

2. алып тасталды

3. Өндірістік бақылауды жүзеге асыратын адамдар оның уақтылы, толық және сенімді жүзеге асырылуына жауапты болады.

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

4-тарау. САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА

21-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама

Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығының құрамдас бөлігі болып табылады, оны санитарлық-эпидемиологиялық қызмет жүргізеді және:

1) тіршілік ету ортасы объектілерінің санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға, халық денсаулығына әсер етуін кешенді түрде бағалау;

2) жұқпалы, паразиттік аурулардың шығу және халықтың улану себептері мен жағдайларын зерттеу;

3) шаруашылық немесе өзге де қызмет процесінде қабылданған шешімдердің санитарлық ережелері мен гигиеналық нормативтерінің талаптарына сәйкестігін бағалау міндеттерін шешеді.

22-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу

1. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдарының қаулылары немесе ұйғарымдары бойынша әрі жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша жүргізіледі.

2. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша сараптама жүргізу үшін олар қаржыландыруды қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының

заңдарында белгіленген тәртіппен қажетті құжаттама беріледі.

3. *(алып тасталды)*

4. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары санитарлық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелері бойынша сапасы мен объективтілігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болатын қорытынды береді.

5. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу үшін санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдары сараптама объектісінің қоршаған орта мен халықтың денсаулығына әсерін бағалауды зерделеуге қажетті материалдарды сұратып алуға құқығы бар.

6. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жарамсыздығы сөзсіз тамақ өнімдері, азық-түлік шикізаты болған жағдайда жүргізілмейді.

Халықтың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін індет, жұқпалы аурулар мен тағамнан улану, сондай-ақ төтенше жағдайлар пайда болған жағдайда алдын ала хабарландырылмай және тексеру тағайындау туралы акті құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында статистикалық қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органда тіркелмей, кейіннен тексеру жүргізу басталғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінің ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында статистикалық қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органға тексеру тағайындау туралы актіні табыс ете отырып, объектілерге кезектен тыс тексеру жүргізіледі.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

23-бап. Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды

Санитарлық-эпидемиологиялық қорытындыны тексеру мен санитарлық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелерінің негізінде санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдары береді.

Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды:

атом энергетикасы мен өнеркәсібі, ғарыш қызметі және жер қойнауын пайдалану объектілерін, қоршаған ортаға химиялық және биологиялық заттардың шығарындылары, физикалық факторлары бар объектілерді, экологиялық апат аймақтарындағы объектілерді және баламалары жоқ жаңа технологиялық процестері бар объектілерді орналастыруға, қайта жаңғырту мен кеңейтуге;

өндірістік күштерді, қалалар мен селолық елді мекендер, курорттық аймақтар құрылысының бас жоспарларын орналастыруға, өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы объектілердің техникалық-экономикалық негіздемелеріне, құрылыс пен қайта жаңғырту жобаларына;

функционалдык бағдарын (мақсатын) ауыстыра отырып, қайта жаңғыртылатын болжамды құрылыстар немесе объектілер учаскесінің санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы туралы материалдарға;

рұқсат етілген шекте зиянды заттар мен физикалық факторлардың қоршаған ортаға шығару мен тастау, санитарлық қорғалатын аймақтар мен санитарлық-қорғаныш аймақтары, геологиялық зерттеулер, технологиялар бойынша техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобаларға және басқа да нормативтік құжаттамаға;

шикізатқа, тамақ өнімдеріне, тауарларға, бұйымдарға, заттарға, тетіктерге, машиналарға, жабдыққа, құрылыс материалдарына, сондай-ақ оқыту, тәрбиелеу, дене шынықтыру, еңбек ету, өмір сүру, демалу, тамақтану, сумен жабдықтау, халықтың әр түрлі тобына медициналық қызмет көрсету режимінің нормативтік-техникалық құжаттамасының жобаларына;

шикізатты, тамақ өнімдерін, ауыз суды, құрылыс материалдарын, кең тұтынылатын тауарларды, уытты, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру, тасымалдау, сақтау, қолдану және сату, сондай-ақ жұмыстар орындау мен қызмет көрсету жағдайларына;

халықтың әр түрлі топтарын оқыту, тәрбиелеу, дене шынықтыру, еңбек ету, өмір сүру, демалу, тамақтану, сумен жабдықтау мен медициналық қызмет көрсету жағдайларына;

санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды, халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын материалдарға, кәсіби, жұқпалы аурулар мен уланулар туралы мәліметтерге;

топыраққа, су қоймаларына және атмосфералық ауаға химиялық, биологиялық, уытты, радиологиялық және пестицидтік салмақ түсіру жөніндегі материалдарға;

жаңа өнімдерге, технологияларға;

жобаланған, салынып жатқан және пайдаланылып отырған өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы объектілерге, өнеркәсіп бұйымдары мен көлікке, сондай-ақ халық денсаулығы үшін қауіптілігі ықтимал және (немесе) маңызды басқа да объектілерге беріледі.

5-тарау. САНИТАРЛЫҚ-ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ (ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ) ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

24-бап. Жұқпалы, паразиттік аурулар таралуының және халықтың улануының алдын алу

1. Жұқпалы, паразиттік аурулар мен уланулардың пайда болуының және таралуының алдын алу мақсатында санитарлық ережелерде және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар, соның ішінде

Қазақстан Республикасының аумағын санитарлық қорғауды , шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізуді, өндірістік бақылау жасауды жүзеге асыру, жұқпалы және паразиттік аурулармен ауыратын науқастарға қатысты шараларды жүзеге асыру, азаматтарды медициналық қарауды, профилактикалық егулерді , гигиеналық тәрбие беру мен оқытуды жүргізу жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі. V085270 , V085497

2. Санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар аумақтарды дамытудың, халық денсаулығын сақтау мен нығайтудың, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің әзірленіп отырған бағдарламаларына, сондай-ақ осы саладағы аймақтық бағдарламаларға енгізілуге тиіс.

3. Жұқпалы, паразиттік аурулармен ауыратын науқастар мен жұқпалы, паразиттік аурулармен ауырады деп күдік туғызатын адамдар және бактерия таратушылар окшауландырылуға және емделуге тиіс, олармен қарым-қатынаста болған адамдар медициналық қадағалауға алынады және қажет болған кезде окшауландырылады және емделеді.

4. Айналасындағылар үшін қауіп төндіретін созылмалы жұқпалы, паразиттік аурулармен ауыратын науқастар мен созылмалы бактерия таратушылар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмысынан уақытша шеттетілуі тиіс.

25-бап. Қазақстан Республикасының аумақтарын санитарлық қорғау

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде халық денсаулығына қауіп төндіретін жолаушыларға, экипаждарға, поезд бригадаларына, көлік құралдарына, жүктерге санитарлық-эпидемиологиялық бақылау жасау жүзеге асырылуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде санитарлық-карантиндік бақылауды тиісті аумақтарда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы, көліктегі халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері жүргізеді.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында әкелінуіне тыйым салынатын қауіпті жүктер мен тауарларды, сондай-ақ оларға қатысты санитарлық-карантиндік бақылау жүргізген кезде олардың Қазақстан Республикасының аумағына әкелінуі жұқпалы аурулардың немесе жаппай жұқпалы емес аурулар мен уланулардың пайда болуы мен таралу қауіпін төндіреді деп белгіленген жүктер мен тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге жол берілмейді.

Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20

№ 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.04 № 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

26-бап. Профилактикалық егуді жүргізудің міндеттілігі

1. Қазақстан Республикасының аумағында жүрген жеке тұлғалар жұқпалы және паразиттік ауруларға қарсы профилактикалық егулерді бюджет қаражаты есебінен алуға міндетті.

2. Профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу мерзімі мен халықтың жоспарлы егу жасалуға тиісті топтарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды .

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

27-бап. Медициналық қараудан өтудің міндеттілігі

1. Халықтың денсаулығын сақтау, жұқпалы және паразиттік ауруларды болдырмау, кәсіби аурулар мен уланулардың, жазатайым оқиғалардың алдын алу , ұйымдар қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, әр түрлі шаруашылық және (немесе) өндірістік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар алдын ала және мерзімдік медициналық қараудан өтеді.

2. Халықтың декреттелген тобына міндетті түрде медициналық қарауларды жүргізудің және оларды жұмысқа жіберудің тәртібі мен мерзімділігін денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік орган белгілейді .

3. Алдын ала және мерзімді медициналық қарау міндетті болатын зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік орган белгілейді .

4. Өндіріс пен шаруашылық қызмет саласында жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар алдын ала немесе мерзімді медициналық қараудан өтпеген немесе денсаулық жағдайы бойынша жұмысқа жарамсыз деп танылған адамдарды жұмысқа жібермейді.

5. Қызметкерлердің медициналық қараудан өтуі туралы деректер олардың жеке медициналық кітапшаларына енгізілуге және емдеу-профилактикалық ұйымдардың есебіне алынуға тиіс. Медициналық құжаттарды беру, есепке алу және жүргізу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік орган б е л г і л е й д і .

Ескерту. 27-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. № 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

28-бап. Жұқпалы аурулар індеті пайда болу қаупі төнген жағдайда шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізудің шарттары

1. Жұқпалы және паразиттік аурулардың әкеліну және таралу қаупі болған жағдайда осы Заңға сәйкес уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде және тиісті аумақтарда шектеу іс-шараларын, оның ішінде шаруашылық қызметі мен халық өмірінің айрықша жағдайларымен карантин енгізеді.

2. Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда орталық және жергілікті атқарушы органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру жөнінде оралымды басшылық жасау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес індетке қарсы республикалық және аумақтық төтенше комиссияларға жүктеледі.

3. Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин жекелеген объектілерде тиісті аумақтың (көліктегі) бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің немесе оның орынбасарларының, сондай-ақ ведомстволық объектілерде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың бөлімшелері басшыларының шешімімен енгізіледі (тоқтатылады).

4. Шектеу іс-шараларын, соның ішінде карантинді жүзеге асыру тәртібін және пайда болуы мен таралу қаупі болған кезде шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізілетін жұқпалы аурулар тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 28-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

29-бап. Жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен улану оқиғаларын тіркеу және тексеру

1. Жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулар мен уланулардың барлық оқиғаларын, олардың анықталу орны бойынша денсаулық сақтау ұйымдары тіркеуге алуға, Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдары мемлекеттік есепке алу мен есептілік жүргізуге тиіс. Аталған аурулар мен улану оқиғаларының мемлекеттік есебін жүргізу тәртібін, сондай-ақ олар бойынша есеп беруді жүргізу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді .

2. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мамандары жұқпалы, паразиттік, кәсіби аурулардың және адамдардың улану оқиғаларына тексеру жүргізуге тиіс.

Ескерту. 29-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

30-бап. Дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық іс-шаралар

1. Жұқпалы және паразиттік аурулардың пайда болуының, таралуының алдын алу мақсатында жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар өз қаражаты есебінен эпидемиологиялық көрсеткіштер мен мемлекеттік

санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының ұйғарымдары бойынша дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық іс-шаралар жүргізуге міндетті. V085264 , V085497

2. Төтенше індет жағдайлары пайда болған кезде мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының ұсынуы бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқару органдарының шешімімен бюджет қаражаты есебінен кезектен тыс міндетті дезинфекциялау, дератизациялау және дезинсекциялау іс-шаралары жүргізіледі.

3. Ошақтық дезинфекцияны медициналық ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдары жүргізеді.

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

6-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

31-бап. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

1. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Айыппұл салу не өзге де өндіріп алулар кінәлі тұлғаларды Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен зиянды өтеуден босатпайды.

32-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 1994 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 8, 131-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 23, 931-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат);

2) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" 1994 жылғы 8 шілдедегі Қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 8, 132-құжат).

Қазақстан Республикасының

Президенті

